БЕКІТІЛДІ
Мектеп директоры:
Р.Г. Абуов
«31» 08 2023ж.

КЕЛІСІЛДІ
М/Д ТЖ орынбасары:
Г. Шарипова
«31» 08 2023ж.

Абай атындағы № ЖОББ мектебінің 2023 -2024 оқу жылындағы

6 А» - сыныптың тәрбие жұмысының жылдық жоспары

Сынып жетекшісі: Саматқызы Е.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларды балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру дәрежесін қалыптастыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;

ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке;

елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына;

өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;

басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;

өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;

құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына:

заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне;

әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезімін және жауапкершілік таныту.

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты:

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Бағалау критерийлері (карым-қатынасы арқылы):

өмір бойы білім алуына;өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне;сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне;зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілетті-

лікті меңгеруіне; пікірталас жүргізу дағдыларына;жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпарат көздерін сыни іріктеуге;Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне;Интернеттегі девианты мінез-құлыққа қарсылық білдіру;Интернет-сауаттылық қалыптастыруға,ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға;жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты:

Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Бағалау критерийлері (карым-қатынасы арқылы):

Толеранттық және ғаламдық пікірге;көпмәдениеттілік және көптілділікке;мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу;мәдениетаралық әрекетке;қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық

нормаларына;қарым-қатынас мәдениетіне;эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылыққа ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту.

Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы

6 А - сыныбының тәрбие жұмысының жылдық жоспары

Айы		Кешенді бағдарламаның бағыты	Іс-шара тақырыбы	Мақсаты	Өткізу әдіс-тәсілі	Уақыты	Қосымша
Қыркүйек	Құқықтық сана-сауымға пана	Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие	«Менің саяхатым», Менің туған өлкем»,Жазғы демалыста мен жасаған игі ісім» Жол жүру ережелері (қайталау).	Оқушыларға туған өлке, оның байлығы, алуан түрлі табиғаты, сұлулығы, көркемдігі туралы түсінік беру. Туған жерге деген сүйіспеншілігін дамыту.	сынып сағаты Білім күні	01.09.23	
		Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	*Қозақ тілі-Мәңгілік ел тұғыры* 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбына арналған шаралар	Әр баланың жеке қабілетін анықтау. Әдеби тіл нормаларын игерту. Өнер арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.	сынып сағаты	07.09.23	
	Оқуға құштар мектеп	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл	Жазушының шығармашылығымен таныстыру	сынып сағаты	14.09.23	

Бекітілді
Мектеп директоры
Р.Г.Абуов _____
«20» 09 2023-2024ж.ж

Келісілді
МДТЖ орынбасары:
Г. Шарипова _____
«___»___2023-2024ж.ж

Абай атындағы №2 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің 6 «А» сынып жетекшісі Самат Еркежанның 6 «А» - сыныпқа арналған 2023-2024 оқу жылы бойынша тәрбие құндылықтарына арналған жылдық жоспары

2023-2024 оқу жылы

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҰСКАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- деп келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың осиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, бірлік және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекеттшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбіреген болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ***ҰЛТТЫҚ МҰДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігіннығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруғабелсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесінекызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшінқызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасызетуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениеттідәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекеттшіл жәненамысшыл
- Мемлекеттік рәміздердіқадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениеттідәріптейді

- Құқықтық және экологиялықмәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдықкағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу жәнежауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамкор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды;
- Достарын, сыныптастарынсыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командаменжұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануғақұштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдылардыйлгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынасорната білу;
- Уақыт пен қаржыныңтиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығынсақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді;
- Қоршаған орта тазалығынсақтайды;

- Ақпараттық, медиа жәнекаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруге берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тыныгуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дерексөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айғолек, Белдесу, Сақсұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

***Жасөспірімнің тәрбиесі** (11-15 жас)*

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен кызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи тол шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекеттілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға колдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімберу) басшысының (мектеп директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын ұйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- сапалы өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық кеңестер, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзараәрекеттесу;
- айтасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы
6 А - сыныптың тәрбие жұмысының жылдық жоспары

Айы		Кешенді бағдарламаның бағыты	Іс-шара тақырыбы	Мақсаты	Өткізу әдіс-тәсілі	Уақыты	Қосымша
Қыркүйек	ҚЫРКҮЙЕК – Білім айы	ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҰДДЕ (ОТАН)	*«Жол қауіпсіздігін сақтайық»*	Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің сақтау, ойлау, суреттеу дағдыларын дамыту.	Сынып сағаты	21.09.23	
			«Отбасым – бақыт мекенім»	Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту.Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.	Тәрбие сағаты	28.09.23	
Қазан	АЛАШ АЗАМАТ-ТАРЫШ ҰЛЫҚТАУ АЙЫ	ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҰДДЕ (ОТАП)	«Қартарын қадірлеген ел ардақты Ұстаз – ұлы тұлға.	Оқушыларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру. Еңбекті сүюге, Отанымыздың білікті де білімді адал азаматы болуға тәрбиелеу. Ұстазға деген сыйластығын көрсету	Сынып сағаты Өзін-өзі басқару Мерекелік кеш	05.10.23	
			«Нашакорлыққа жол жоқ»	Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға үйрету. Қасыр дерті болып саналатын зиянды әдеттер – темекі шегу, есірткі заттарды пайдаланудан аулақ болуға шақыру. Адамгершілік, имандылыққа тәрбиелеу.	сынып сағаты	12.10.23	
			25 Қазан - Республика күні (Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем)	1. Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту. 2. Балаларды Отанды сүюге,еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған елін	Сынып сағаты	19.10.23	

				деген сүйіспеншілігін аттыру. 3. Балаларды достыкка, адамгершілікке, саналылыцка тәрбиелеу.			
			«Экология және біз» Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары.	Табиғатты қорғау, экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру	Сынып сағаты	26.10.23	
Қараша	П О Э З И Я А Й Ы	**ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҰДДЕ (ОТАН)**	«Өрт тілсіз жау»	Өрттің қаншалықты қауіпті екені туралы балаларға түсіндіріп, білімдерін кеңейту. Өрттің алдын алуға балаларды ынталандыру. Сұрақ-жауап арқылы қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.	Сынып сағаты	09.11.23	
			Ұлттық валюта теңге	Қазақстанның **ұлттық** ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру. Тол **теңгенің** тарихы. **өз ұлттық теңгеміздің** айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру.	Танымдық сабақ	16.11.23	
			«Зорлық зомбылықсыз балалық шақ»	Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлхен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту.	Сынып сағаты	23.11.23	
		ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҰДДЕ (ОТАН)	«Адамгершілік-асыл қасиет» Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары.	Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, баланың жеке тұлғалық кабілетін қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке, өз міндеттеріне және өз басына жауапкершілігін қалыптастыру.		30.11.23	
Желтоқсан	**«ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»**		«Қазақтың ұлттық ойындары»	Ұлттық ойын түрлерінің мазмұнын түсіндіре отырып.Ата бабамыздан бізге жеткен бага жетпес байлығымыз, асыл казынамыз ұлттық ойындар екендігін		07.12.23	

				біліп өсуге, денсаулығын шыңдай түсуге тәрбиелеу.			
			16 -17 желтоқсан- Тәуелсіздіктің 32 жылдығы	1986 жылы желтоқсан оқиғасын оқушыларға таныстыру. Желтоқсан оқиғасының неден бастау алып, оның не себепті қамды оқиғаға ұласқанын ашып көрсету. Өз отанын, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, отаншылдыққа, ел жандылыққа, еліміздің рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу.	Сынып сағаты	14.12.23	
			Отбасы - асыл қазына Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы.	Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқорлық жасауға, сыпайы болуға тәрбиелеу.		21.12.23	
			«Имандылық жарасады ұл қызға»	Оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа, парасаттылыққа, біліктілікке тәрбиелеу.	Тәрбие сағаты	28.12.23	
Қаңтар	«ҰЛТТЫҚ КОД» айы	ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҰДДЕ (ОТАН)	Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің тұп қазығы	Оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар — біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндіру.	Сынып сағаты	11.01.23	
			«Дені сау ұрпақ жарқын болашақ»	Салауатты емір салтына тәрбиелеу	Әңгіме	18.01.23	
			Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек.	Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің еліміздің заң	сынып сағаты	25.01.23	

				бар екенін айту.Өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға,адами бойларындағы қасиеттерді сақтауға,әдепті де,тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.			
Ақпан	ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫ ҚАЙЫ	ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҰДДЕ (ОТАН)	Менің сүйікті кітабым»	Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімнің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиелеу	Сайыс сабақ	01.02.23	
			Мамандықтың бәрі жақсы»	Оқушылардың ойлау кабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру.	сынып сағаты	08.02.23	
			«Интернеттің пайдасы мен зияны» Жол қозғалысының қауіпсіздігі.	Интеллектуалды жан-жақты кабілетін дамыту	сынып сағаты	15.02.23	
Наурыз	ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы	ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҰДДЕ (ОТАН)	1-наурыз-Алғыс айту күні «Нарыз екен бәріне айту алғыс»	Оқушы бойында ізгілік,ынабаттылық,бауырмалық сияқты қазақ ұлтына тән жақсы қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу	Анық хат жасау, әңгіме сағаты	22.02.23	
			8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні Аяулы анашым	Анаға деген сүйіспеншілігін арттыру	Сынып сағаты	29.02.23	
			«Тілім менің тірегім-соғып тұрған жүрегім»	Оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу.	Сынып сағаты	07.03.23	
			Ұлыстың ұлы күні! Жол қозғалысына қатысушылардың	Ұлыстың ұлы күні туралы түсінік беру	Мектепішілік іс-шара	14.03.23	

			құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері.				
Сәуір	ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ай	ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҰДДЕ (ОТАН)	«Жеке бас гигиенасы» Жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі. Жол "қаупті".	Оқушыларды тазалықты сақтауға, ұқыпты да жинақы болуға тәрбиелеу.	сынып сағаты	04.04.23	
			12 сәуір - Ғылым күні	Отандық ғылымға қол жеткізу саласында білім алушылардың ой-өрісін кеңейту. Білім алушыларды Ғылым күнінің пайда болу тарихымен таныстыру.	Сынып сағатты	11.04.23	
			«Қазақстанның жеті кереметі»	Ескерткіштер туралы оқушыларға мағлұмат беру, түрімен таныстыру, көпенің көзі, болашаққа аманат екенін түсіндіру.	Фотокөрме	18.04.23	
			1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні Жол-көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол жағдайларын зерттеу.	1- мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін балаларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.	сынып сағаты	25.04.23	
Мамыр	– БЕЙБІТШІЛІККЕ ТАТУЛЫҚ АЙЫ	ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҰДДЕ (ОТАН)	7 мамыр-Отан қорғаушылар күні	Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен бабаларының бойындағы ерлікті, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу.	Тәрбие сағаты	02.05.23	
			«Еңбек бәрін де жеңбек»	«Еңбек» адамтанушылық құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.	Сынып сағаты	09.05.23	02.05.23
			Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл	Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан халқының майданы және тылда көрсеткен ерлігімен қаза тапқан жауынгерлерін құрметтеуге жағдайында тәрбиелеуді Отан сөзінің ерлігімен қаза тапқан жауынгерлерін құрметтеуге	Сынып сағаты	16.05.23	
			31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні Грамматика және көлемде басқа да түрлерінде салаға ағату	оқушылардың отаншылдық сезімін арттыра отырып, қазіргі кезеңге тән білім, болашаққа деген сенімдерін жоғалтпауға тәрбиелеу.	Сынып сағаты	23.05.23	